

ШЕТ ТІЛІН МӘДЕНИ ТҰРҒЫДАН ҮЙРЕТУДІҢ МАҢЫЗЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

Ақмарал Артықбайқызы Ниязбекова

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
аға оқытушысы

Айша Мамырханқызы Нұрлыбай

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
аға оқытушысы

Эльмира Абденқызы Кемелбекова

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
аға оқытушысы

Резюме

В статье рассматривается важность культуры и разные методы преподавания культуры на занятиях иностранного языка.

Summary

The article is devoted to the importance of culture and some methods of teaching culture in foreign language classes.

Ұлыбританияның тіл мамандары мәдениет деген ұғымға мәдениет адам өмірінің маңызды әрі ажырамас бір бөлігі, оған адамның ойы, әрекеті, тілі, тәжірибесі, сенімі, құндылықтары, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, қарым-қатынасы, діні жатады деген пікір береді. Бұл дегеніміз тіл тек қана мәдениеттің бөлігі емес, сондай-ақ мәдениетті көрсететін құрал. Тіл мен мәдениет өзара байланысты сондықтан шет тілін үйрету барысында үйреніп жатқан тіл мен өз тіліміздің мәдениетін қоса алып жүруіміз керек. Американдық тіл мамандары мәдениетті оқытуды сынып жоспарына ендіруді ұсынған, өйткені олар мәдениетті шет тілін үйренудің маңызды бөлігі деп санайды. Басқа тілді үйрену барысында студенттер сол тілдің мәдениетін түсініп қабылдайды. Шынына келсек, студенттер үйреніп жатқан тілдің мәдени тұрғысын түсінбей тілді жақсы меңгере алады деуге болмайды [1].

Шет тілін мәдени тұрғыдан үйретудің маңыздылығын бірнеше себептермен айтуға болады: студенттерге үйреніп жатқан тілмен өз

тілдерінің мәдениетін зерттеу арқылы үйрету қажет, студенттер үйреніп жатқан тіл мен өз тілдері жайлы білімін, түсінігін арттыру қажет, студенттер үйреніп жатқан тіл мен өз тілдерінің айырмашылығы мен ұқсастықтарын білу қажет. Тіл мамандары белгілі бір тілде сөйлейтін қоғамда сол тілдің қолданылуы мен құрылымы әсер етеді деген тұжырымға ұзақ зерттеулер арқасында келді [2]. Тіл үйренушілер қалай адамдар мен сәлемдесу керектігін, алғыс білдіру керектігін, өтініш білдіру керектігін, біреумен келісу немесе келіспеу керектігін мәдени түрде үйрену керек. Олар осы іс-әрекеттерді сол елдің қоғамында дұрыс пайдалану қажет. Қарым қатынас сәтті болу үшін олар тілді сол елдің мәдениетіне тән қолдану керектігін түсіну қажет. Студент оқып жатқан шет тілінің мәдени құндылықтарын жете түсіну үшін, оқытушы оқытылып жатқан лингвистикалық құрылым мен талқыланып жатқан мәтінді байланыстыра білу қажет. Ағылшын тілі екінші тіл ретінде оқытылатындықтан оқытушы студенттерге әрбір сөзді, сөз тіркесін, сөйлемді түсінуге көмектесу керек, мысалы: “Неу you, come here” лингвистика жағынан дұрыс болуы мүмкін, бірақ мәдени жағынан бұл сөйлемді үлкен адамдарға қарата сөйлеуге болмайтындығын ұғыну керек. Егер студент тілді мәдени жағынанда лингвистика жағынанда үйренсе, сол кезде ол тілді жақсы меңгеріп шығады деуге болады.

Сабақта қаралатын мәдениет пен студенттің өз мәдениеті арасындағы ерекшеліктермен ұқсастықтарды бағалау немесе сол жайында өз пікірлерін айту, қорытынды шығару мақсат емес, студентте тек қана мәдениет жайлы жалпы түсінік қалыптастыру және оны үйрену мақсат болып табылады. Кейбір оқытушылар және ғалымдар студенттерге таныс емес мәдениетті үйретуде ақылға сыйымды ойлар мен студенттер тез қабылдай білетін материалдарды қолдану керек дейді. Студенттерге өтілетін тақырып жайлы алдын-ала мәлімет немесе сөз жұмбақ берілсе, олар жаңа мәліметті өздерінің жеке әлемдік көзқарастарына ендіреді. Мысалы тағам жасауға керекті жабдықтарды алайық, студенттерге осы жабдықтарды қалай қолдану жайлы тапсырма беріледі. Бұл оларды үйреніп жатқан тілде сөйлейтін елдердің тағамдары, географиясы және мезгілдері жайлы талқылыма жасауға жетелейді. Студенттер өздерін үйреніп жатқан тілдің мәдениетінің мазмұнын зерттейтін антрополог ретінде сезінетін

болады. Осы орайда олар адамдардың өз мәдениеті үшін жасайтын іс-әрекеттерін бағалай білу сезімінің деңгейін арта алады.

Түрлі сәтті қолданылған іс-әрекет кез келген мәдениетпен өзара әрекеттестікке алып барады. Оқытушылар студенттерге мәдени өзара әрекеттестікті зерттеуге және бақылауға мүмкіндік берулері қажет, бұл олардың екінші шет тілі ретінде оқып жатқан тіл қоғамында өз орындарын табуға мүмкіндік береді. Мәдени қызмет және мәдени оқытудың мақсаты дұрыс және байыппен ұйымдастырылып, сабақ жоспарына оқыту үрдісін байыту үшін ендірілуі тиіс. Төменде шет тілі сабағында мәдениетті үйрету үшін қолданылатын бірнеше идеялар көрсетілген:

1. Шынайы материалдар

Шетел қоғамындағы шынайы дерек көздерді қолдану студенттердің шынайы мәдени тәжірибе алуына көмектеседі. Дерек көздер фильмдерден, жаңалықтардан, теледидар шоуларынан, Web сайттардан, фотосуреттерден, журналдардан, газеттерден, ас-мәзірінен, саяхаттардан және т.б. материалдардан құралуы мүмкін. Оқытушы осы күнделікті қолданыстағы ақпараттарға студенттердің деңгейін, жас ерекшеліктерін ескере отырып, оларды бейімдей алады. Мысалы: шет тілін үйренудің бастапқы этаптарының өзінде студенттер теледидар шоуларынан алынған шет тіліндегі видео клиптерді тыңдай да көре де алады. Оқытушы студенттерді шет тілінде диалог тыңдаған немесе видео көрген кезде, соларға байланысты алдын ала арнайы құрастырылған немесе аударылған диаграммамен, конспектімен қамтамасыз етуі қажет. Тақырыпқа қатысты бөлімдерді шолып өткеннен кейін, оқытушы студенттерді осы мәдени құндылықтарды, олардың маңыздылығы жайлы талқылауға жетелейді. Талқыламаға сөйлеуді, жазуды қажет етпейтін іс-әрекеттерді енгізуге болады (мысалы: дене қозғалысы, ымдау, көздермен білдіру). Студенттер көріп отырған іс-әрекетті суреттеп, өздерінің мәдениеттерімен салыстыра отырып, ұқсастықтары мен ерекшеліктерін талқыласа, бұл шет тіліндегі тиімді қарым-қатынасты арттыары сөзсіз.

2. Мақал-мәтелдер

Шет тілі сабағында мақал-мәтелдерді қолдану студенттерге шет ел мен өз елінің мақал-мәтелдерінің құндылығын жетік зерттеуге мүмкіндік береді. Италияндық тіл маманы А. Сисарелли шет тілінде күнделікті қолданыстағы мақал-мәтелдерді талқылау өз тіліндегі мақал-мәтелдерден ерекшелігі мен ұқсастықтарын айырып, және

олардың тарихи, мәдени жақтарын айқындай алады дейді. Сондай-ақ студенттер екі тілдің де мақал-мәтелдері жайлы дұрыс түсінік қалыптастырып, білімдерін нығайтады [3].

3. Рөлдік ойындар

Шет тілін мәдени тұрғыдан оқытудың түрлі әдіс амалдары бар. Соның бірі рөлдік ойындар. Рөлдік ойын қазіргі таңда шет тілін оқыту үрдісінде жаңа әдіс деп айта алмаймыз, алайда ғалымдар бұнымен толықтай келіспейді. Рөлдік ойын, бейнелеу, драма және ойын сөздері түрлендіре қолданылады, бірақ шынына келсек олардың өзіндік терең мағынасы бар. Кейбір ғалымдар рөлдік ойын мен бейнелеу студенттердің ойнайтын рөлдерінің ерекшелігіне байланысты дейді. Бейнелеу - бұл студенттердің шын өмірде өздерінің анық бейнесін нақышына келтіріп ойнауы, мысалы: дүкенге бару, мейрамханаға тапсырыс беру, кітапханаға бару т.б. Ал рөлдік ойындарда студенттер өзге бір адамның рөлін ойнауға тырысады, мысалы: Премьер Министр, атақты әнші, компания директоры т.б. Ал кейбір ғалымдар рөлдік ойындар бейнелеудің бір бөлігі деп санайды. Рөлдік ойындарда қатысушылар алдын ала дайындалған сценарий бойынша ойнап шығады. Дегенмен рөлдік ойындар шет тілін оқып жүрген студенттерді түрлі әлеуметтік және мәдени ортада бейімделуге дайындайды [4].

Рөлдік ойындарды дайындаудың бірнеше этаптарын көрсетуге болады, яғни ғалымдар көп жылдық тәжірибелеріне сүйене отырып түрлі этаптарды ұсынады:

- 1- Рөлдік ойындарға арналған жағдайларды дайындау;
- 2- Рөлдік ойындарды безендіру;
- 3- Сөз қорын дайындау;
- 4- Нақты мәліметтерді дайындау;
- 5- Рөлдерді бөліп беру;
- 6- Рөлдік ойынды қорытындылау.

Рөлдік ойындар арқылы студенттер мәдени ерекшеліктерді түсінеді. Мысалы: үйреніп жатқан тілде сөйлейтін егде адамдардың және жастардың бір-бірімен қалай сәлемдесу жолдарын үйренген соң, олар өз тілдерімен салыстыра отырып рөлдік ойындарда көрсетеді [5].

4. Мәдени капсулалар

Бұл әдістеменің ең басты құралдары - студенттерге үйреніп жатқан тілдің мәдениетін айқындайтын заттар немесе бейнелер көрсетіледі (құрал-жабдықтар, әшекейлер, суреттер, мүсіндер). Студенттер осы

заттар туралы берілген сілтемелерді қолданып, мәліметтерді жинайды. Олар қысқаша шығарма жазуға немесе осы заттың мәдени қатыстылығы туралы ауызша презентация жасауға болады. Мұндай әдістемені қолдану оқытушы мен студенттер арасындағы, берілген затқа байланысты мәдени, тарихи және лингвистикалық факторлар жайлы талқыламаны дамытуға негіз болады.

5. Студент - мәдениет ресурсы

Шет елде оқып келген немесе сол жақтың өмір салтын көріп келген студенттерді шет тілі сабағына сарапшы ретінде шақыруға болады. Өйткені олар шетелдіктердің өмірімен, мәдениетімен танысып келген және басқа студенттерге түрлі мәліметтер бере алады.

6. Этнографиялық оқулар

Бұл үйреніп жатқан тілдің мәдениетін меңгеру үшін қолданылатын тиімді әдіс. Яғни, студенттер шет тілінде сөйлейтін қоғамға жіберіліп, қажетті мәліметтер жинайды. Олар шетелдіктермен сұхбат жүргізіп, баспаға жазып алады немесе видеоға түсіріп алады. Сұхбаттың тақырыбы әр түрлі болуы мүмкін: отбасы, мамандықтар, достық, білім жүйесі, тағамдар. Алайда бұл жағдай оқытушы тарапынан өте жоғары жауапкершілікті талап етеді. Өйткені олар студенттердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін оларды үнемі қадағалап, бақылап отырады және барлық жағдайды жасайды [6].

7. Әдебиеттер

Әдеби мәтіндер көбіне оқушылардың есте сақтау реакциясын тудырады және мәдениет туралы мәліметтерге толы. Берілген топ студенттеріне арналған байыппен таңдалған арнайы мақсаты бар мәтіндер оларға мәдениет ортасына терең үңілуіне мүмкіндік береді. Мысалы екі бірдей топты алайық, екеуіде белгілі бір тарихи оқиға туралы оқиды. Алайда, біріншісі сол тарихи оқиға жайлы газеттегі мәліметті оқыса, ал екіншісі сол тарихи оқиға туралы жазған атақты адамның туындысын оқиды. Ғалымдардың қорытындысын айта кетсек бірінші топ сол тарихи оқиға жайлы аз ғана мәліметті біле алды, ал екінші топ болса сол тарихи оқиғаға қатысы бар адамдардың жан дүниесін түсініп, терең ой қалыптастыра алды.

8. Фильмдер

Теледидар немесе фильмдер арқылы студенттер мәтінде көре алмайтын әрекеттерге куә бола алады. Фильм бұл мәдениетті сезінуге, көруге мүмкіндік беретін бірден бір жолы. Ол студентті тілмен,

сонымен қатар мәдениетпен байланыстырады және үйреніп жатқан тілдің мәдениеті туралы білімін видеодан көріп-ақ шыңдай алады [7].

Шет тілін мәдени тұрғыдан қалай және қашан үйрету ол оқытушының әдістемелік тәжірибесіне байланысты. Егер оқытушы мәдени капсулаларды орнымен пайдалана білсе, және демалыстар, киім-кешек, халық өлеңдері, тағамдар осылардың барлығын екі тілде салыстыра отырып, студенттерге жеткізе білсе, шет тілі сабағындағы мәдениет көрінісі өз деңгейінде болары анық. Лингвистикалық және әлеуметтік көз қарасты дамыту үшін басқа тілді және басқа қоғамды үйренуде студенттерге тиімді құрылымды пайдалану керек. Сәлемдесу, қоштасу, қарата сөйлеу, рахмет айту, талап ету, өтіну, мақтау айту сияқты сөйлесу құрылымдарын түсіну грамматиканы түсінуден де артық. Бұл дегеніміз, студент кімге қалай сөйлеу керектігін, қандай жағдайларда сөйлеу керектігін, және шет тілінде қолданылатын құндылықтармен сенімдерді түсіну керектігін санасына сақтай алады. Мәдениет шет тілін үйренудегі ең маңызды бөлігі ретінде ендірілуі тиіс. Шет тілі оқытушысы үйретіп жатқан тілдің мәдени кілтін таба білуі қажет. Егер мәдениетті оқыту оқу бағдарламасының бір бөлігі ретінде енсе, студенттердің екінші тілде сөйлеу қабілеттерінің жоғары болатыны сөзсіз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Dubreil S. Standards for foreign language learning in the 21st century, National Standards in Foreign Language Education Project. – NY, 1996.
2. Krasner I. The role of culture in language teaching, *Dialog on Language Instruction*. 1999.
3. Ciccarelli, A. (1996). Teaching culture through language: Suggestions for the Italian language class. *Italica*, 73(4), p. 563-576.
4. Horner, D., & McGinley, K. *Running simulation/games: A step-by-step guide.*- Crookall & R. Oxford, New York, 1990.
5. Pino C. R. Teaching Spanish to native speakers: A new perspective in the 1990s. - *ERIC/CLL News Bulletin*, 1997.
6. Scott V. M. & Huntington, J. A. Reading culture: Using literature to develop C2 competence. *Foreign Language Annals*, 2000.
7. Herron, C., Cole, S. P., Corrie, C., &. The effectiveness of video-based curriculum in teaching culture. *The Modern Language Journal*, 1999.